Педагогика	Пән қазіргі педагогикалық үрдістің негізгі міндеттерінің топтарын: оқушылардың қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның дамуына бағытталған білім беру үдерісін құру; дамытушы ортаны педагогикалық мақсатта құру және пайдалану; педагогикалық кәсіп пен қызметтің жалпы сипаттамасын; педагог тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігін; педагогтың үздіксіз кәсіби өсу факторларын оқытады.	5	ОН4,ОН5	Мамандыққа кіріспе	Білім берудегі менеджмент
Білім берудегі менеджмент	Пән болашақ мұғалімнің мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару және диагностикалау бойынша кәсіби құзыреттілігін және білім беру мекемесін басқару бойынша практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру тәртібін қалыптастырады.	3	ОН1,ОН3,ОН4,ОН10	Педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе
Инклюзивті білім беру	Пәннің мақсаты: студенттерді білім берудегі инклюзивтік үдерістерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; жалпы білім беру үдерісіне ерекше мейірімді қажет ететін балаларды қосуды моделдеудің схемасын бөлу, маңызды әлеуметтік-мәдени феномен ретінде жалпы және арнайы білім беруде интеграцияланған оқыту туралы түсінік беру.	3	ОН4,ОН5,ОН8,ОН10	Психология	Арнайы педагогика;Арнайы мектепке дейінгі педагогика; Білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер
Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Пән білім алушыларды арнайы мектепте тәрбие қызметін жүзеге асырудағы негізгі құзыреттіліктермен таныстырады, арнайы білім беру мекемелерінде сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы, оның мазмұны, әдістемесі туралы білімді қалыптастырады; арнайы білім беру мекемелерінде білім алатын балалармен тәрбие жұмысын жоспарлау және жүргізу еттілігі мен дағдысын қалыптастырады.	5	ОН1,ОН2,ОН4,ОН8,ОН10	Педагогика; Арнайы педагогика	Педагогикалық үдеріске қатысушылары мен олигофренопедагогтың өзара әрекеттесуі; Күрделі кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері; Ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту ерекшеліктері, әлеуметтену мәселелері; Психикалық дамуы төжелген балаларды оқыту және тәрбиелеу

Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Пән ҚР жалпы білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесін тиімді меңгеруге және енгізуге ықпал етеді. Критериялды бағалау технологиясының ғылыми-педагогикалық негіздері, жас ерекшеліктеріне сәйкес бағалау, жиынтық және формативті бағалауды, табыстылық критерийлерін қарастырады.	3	ОН1,ОН2,ОН3,ОН5,ОН8	Педагогика	Білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер
Тұлғаның даму психологиясы	Тұлғаның психологиялық дамуының психологиялық құбылыстарын жүйелі талдау, кәсіби және психологиялық дайындыққа ықпал ететін теориялық және практикалық іскерлікті қалыптастыру: тұлғаның даму психологиясының пәні мен міндеттері, жас ерекшелік психологиясының даму тарихы, психика туралы жалпы түсінік, психиканың бар субъективті және объективті критерийлері, сезімталдық ұғымы, психиканың даму кезеңдері және т. б.	5	ОН4,ОН5,ОН6,ОН10	Өзін-өзі тану мектеп курсы;	Клиникалық психология;Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы; Аномальді даму психологиясы
Клиникалық психология	Пән клиникалық психологияның негізгі әдіснамалық мәселелері мен әдістемелік қиындықтарына мазмұндық сипаттама береді, клиникалық және жалпы психологиялық мәселелерді шешудегі клиникалық психологияның рөлін көрсетеді.	5	ОН1,ОН2,ОН5,ОН6,ОН8	Тұлғаның даму психологиясы, а)Жалпы және арнайы психология. б) Акмеология	Педагогикалық іс-тәжірибе
Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі	Пән студенттерде арнайы мектепте интеллектуалды бұзылысы балаларға арналған математиканы оқытудың ұйымдастыру-педагогикалық және дидактикалық ерекшеліктері туралы, арнайы мектепте математиканы оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолдану ерекшеліктері және математикадан оқу бағдарламасын құру ерекшеліктері туралы білімді қалыптастырады.	5	ОН2,ОН4,ОН8,ОН9,ОН10	Арнайы педагогика; а) Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы, б) Аномальді даму психологиясы	Педагогикалық іс-тәжірибе
Таңдау компоненті					
а) Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы	Пән қабылдау мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясының негізгі түсініктерін, олардың жас ерекшеліктерін; қабылдау мүшелерінің патологиялық дамуын , бұзылыстардың ықтимал себептерін, ауытқу құрылымының қалыптасу механизмдерін, қабылдау мүшелерінің туа біткен және жүре пайда болған бұзылуларының алдын алу және емдеу шараларын меңгереді.	5	ОН5,ОН6	Невропатология негіздері. Оқушылардың физиологиялық дамуы	Мүмкіндігі шектеулі балаларды сенсорлық тәрбиелеу; Сурдопедагогика; Интеллекті бұзылған балаларда ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы; Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте түзетушілік көмек көрсету жүйесі
б) Патофизиология	Пән аурулардың пайда болуының, дамуының және аяқталуының нақты себептерін, механизмдері мен жалпы заңдылықтарын, патологиялық үрдістерді, реакциялық күйлерді зерттеп, сипаттайды; оларды анықтау (диагностика), емдеу және алдын алу принциптері мен әдістерін құрастырады.		ОН5,ОН6	Невропатология негіздері. Оқушылардың физиологиялық дамуы	Интеллекті бұзылған балаларда ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы
а) Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуының клиникалық ерекшеліктері	Пән дамуында ауытқудың әртүрлі формаларының этиологиясы мен патогенезін, даму бұзылыстарының динамикасы мен дифференциалды диагностикасын; моногенді және хромосомдық бұзылуларды; экзогенді факторлардың дамуына әсерін; дамудың барлық кезеңдеріндегі емдік және педагогикалық іс-шараларды оқытады.	5	ОН5,ОН6	Оқушылардың физиологиялық дамуы; Дефектология негіздері;	Интеллекті бұзылған балалармен түзетушілік жұмыс
б) Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерте дамуы	Баланың дене және психикасын қозғайтын мүмкіндігі шектеулі балалардың даму ерекшеліктерін зерттеу; олардың ерте дамуын күшейтетін педагогикалық әдістер; мүмкіндігі шектеулі балалардың дене және ақыл-ой жүктемелеріне қойылатын талаптарды зерттеу		ОН4,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9, ОН10	Оқушылардың физиологиялық дамуы; Дефектология негіздері;	Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте түзетушілік көмек көрсету жүйесі;
а) Мамандыққа кіріспе	Пән болашақ маманың педагогикалық қызметінің пәні, функциялары, объектілері, саласы туралы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу ерекшелігі, педагогикалық үрдіске қатысушылармен, сондай-ақ осы балалардың ата-аналарымен өзара іс-қимыл туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастырады.		ОН3,ОН4,ОН5	Өзін-өзі тану мектеп курсы	Дефектология негіздері; Педагогика
б) Акмеология	Білім алушылардың "акме", акмеология, кәсіби қызмет психологиясы туралы түсініктерін қалыптастыру, адами құндылықтар, оның рухани әлемі, шығармашылық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеті туралы идеялардың жиынтығы.	3	ОН3,ОН4,ОН5	Өзін-өзі тану мектеп курсы	Клиникалық психология; Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы; Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық диагностикалау;Сөйлеу мүкісінің дамуын диагностикалау; Мүмкіндігі шектеулі балалардың көркем өнерінің арнайы әдістемесі ; Есту қабылдауын дамыту әдістемесі
а) Арнайы педагогика	Пән арнайы педагогиканың теориясы мен тарихын, білім беру үрдістері мен жүйелерінің мәнін, мазмұнын, құрылымын, арнайы білім беру саласындағы педагогикалық технологиялар мен инновациялық процестерді; балалар денсаулығының бұзылуын педагогикалық түзетудің принциптері мен әдістерін; оқытудың жалпы әдістемелік аспектілерін, арнайы және интеграцияланған білім берудің модельдерін оқытады.	6	ОН3,ОН4,ОН5,ОН10	Инклюзивті білім беру, а) Жалпы және арнайы психология;	Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі; Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі; Олигофренопедагогика және олигофренопсихология; Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте түзетушілік көмек көрсету жүйесі;Күрделі кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері ; Сурдология; Логопедиялық технологиялар;Дефектолог-логопедтің педагогикалық қызметі;Педагогикалық үдеріс қатысушылары мен дефектолог-логопедтің өзара әрекеттесуі ;Мүмкіндігі шектеулі балаларға тілді оқыту әдістемесі; Мүмкіндігі шектеулі балаларды еңбек қызметіне оқыту әдістемесі;Қабылдау органдары бұзылған балалардың эмоцияларын дамыту;Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі; Бейнелеу өнері мен қол еңбегін оқытудың арнайы әдістемесі Бейнелеу өнері
б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Пән білім беру үрдістері мен жүйелерінің мазмұнын, құрылымын, мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған арнайы білім беру саласындағы педагогикалық технологиялар мен инновациялық үрдістерді, балалар денсаулығының бұзылуын педагогикалық түзету әдістерін, оқыту аспектілерін, арнайы және интеграцияланған мектепке дейінгі білім беру модельдерін оқытады.		ОН3,ОН4,ОН5,ОН10	Инклюзивті білім беру.	Сурдология;Логопедиялық технологиялар; Түзетпе-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі ;Педагогикалық үдеріс қатысушылары мен дефектолог-логопедтің өзара әрекеттесуі; Дефектолог-логопедтің педагогикалық қызметі; Бейнелеу өнері мен қол еңбегін оқытудың арнайы әдістемесі Бейнелеу өнері;

а) Жалпы және арнайы психология	Жалпы және арнайы психологияның негізгі ережелерімен, мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту және тәрбиелеу әдістемесімен, пәнаралық және кәсіби жағдайларды шешу құралдарымен; арнайы психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізу әдістерімен; дамуында әртүрлі ауытқулар кезіндегі психикалық даму заңдылықтарымен таныстыру	5	ОН3,ОН4,ОН5,ОН6,ОН9,ОН10	Өзін-өзі тану мектеп курсы	Клиникалық психология;Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы; Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық диагностикалау; Мүмкіндігі шектеулі балалардың көркем өнерінің арнайы әдістемесі ;Мүмкіндігі шектеулі балаларды еңбек қызметіне оқыту әдістемесі; Олигофренопедагогика және олигофренопсихология;Даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім берудегі АКТ;
б) Арнайы педагогика және психология тарихы	Пән педагогика және психология салаларының пайда болуы мен қалыптасуының алғышарттарын; арнайы педагогика және психология саласындағы жетекші мамандардың даму кезеңдерін және олардың еңбектерін, әдістемелерін зерттейді.		ОН1,ОН5,ОН6	Өзін-өзі тану мектеп курсы	Оқу іс-тәжірибесі
а) Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы	Пән жалпы және арнайы психикалық және физикалық денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық даму заңдылықтарын зерттеу; жалпы, түзету және инклюзивті оқыту жағдайында денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім берудің теориялық және практикалық негіздерін зерттеу; денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі категориясының даму кемістігінің сипаты мен құрылымын, психофизикалық және әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу.	5	ОН5,ОН6,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	Психология развития личности, а) Жалпы және арнайы психология.	Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі; Олигофренопедагогика және олигофренопсихология
б) Аномальді даму психологиясы	Пән баланың аномальды психикалық дамуының мәселелері мен ерекшеліктері туралы біртұтас және тұрақты түсініктерді қалыптастыруға бағытталған; психикалық дизонтогенездің заңдылықтары мен диагностикасы туралы; аномальды дамуы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерін талдауға бағытталған.		ОН5,ОН6	Психология развития личности, б) Акмеология	Сөйлеу мүкісінің дамуын диагностикалау;Есту қабылдауын дамыту әдістемесі; Мүмкіндігі шектеулі балаларға математиканы оқыту әдістемесі
а) Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық диагностикалау	Пән мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық және психофизикалық дамуының диагностикалық және болжамдық көрсеткіштерін анықтай білуді қалыптастыруға ; психологиялық-педагогикалық тексерудің әдістері мен тәсілдерін және мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіби қызметін ұйымдастыру дағдыларын меңгеруге бағытталған.		ОН1,ОН2,ОН3,ОН5,ОН6	а) Жалпы және арнайы психология; Дефектология негіздері;	Сурдопедагогика; Ринолалия және дизартриядағы логопедиялық жұмыс
б) Сөйлеу мүкісінің дамуын диагностикалау	Пәнді игерудің мақсаты: сөйлеу бұзылыстардың типін саралау және сөйлеу ауытқушылығы бар балалардың психологиялық-педагогикалық зерттеуін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәжірибелік ептіліктерді қалыптастырады, оқу материалының мазмұнын іріктеуді қамтамасыз ете отырып, диагностикалық зерттеулердің міндеттеріне сәйкес педагогикалық жүйені модельдеуге үйренеді.	6	ОН1,ОН2,ОН3,ОН5,ОН6	б) Акмеология, Аномальді даму психологиясы	Сурдопедагогика; Ринолалия және дизартриядағы логопедиялық жұмыс
а) Мүмкіндігі шектеулі балалардың көркем өнерінің арнайы әдістемесі	Пәннің мақсаты: студенттерде арнайы мектепте көркемдік іс-әрекетті оқыту сабақтарында түзету жұмыстарын жүргізу; логопедиялық жұмыста түзету мақсатында көркемдік іс-әрекеттің мүмкіндіктерін пайдалану; білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, білім беру, дамыту, бейімсіздік, оңалту және әлеуметтік бейімдеу дағдыларын қалыптастыру.	6	ОН2,ОН3,ОН4,ОН5,ОН7,ОН9,ОН10	а) Жалпы және арнайы психология; Дефектология негіздері;	Педагогикалық іс-тәжірибе
б) Есту қабылдауын дамыту әдістемесі	Пән әр түрлі жастағы көрең және нашар естілін балалардың есту қабілетін дамыту әдістемесін, сақталған есту қызметінің дамуын қолдана отырып, есту қабілеті бұзылған тұлғаларға арнайы білім беру тұғырларын оқытады.		ОН2,ОН4,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	б) Акмеология, Аномальді даму психологиясы	Педагогикалық іс-тәжірибе
а) Мүмкіндігі шектеулі балаларға тілді оқыту әдістемесі	Пән жалпы және арнайы педагогика жетістіктері негізінде тілді оқытудың арнайы әдістемесінің ерекшеліктерін; тілді оқытудың қолайлы кезеңдері, олардың әрқайсысында сөйлеу жұмысының негізгі бағыттары туралы білімді қалыптастырады.		ОН2,ОН4,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	а) Арнайы педагогика	Логопсихология,Сөйлеу тілінің мүкісі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу,Интеллекті бұзылған балаларда ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы
б) Түзете-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі	Пән балалардың денсаулығын сақтау, танымдық іс-әрекеттің дамуындағы ауытқуларды түзету, білім алушылардың жеке қабілеттерін, қажеттіліктерін ескере отырып табысты әлеуметтендіру жағдайларына қойылатын талаптарды; түзету-дамыту іс-әрекетінде көшенді (психологиялық-медициналық-педагогикалық) тәсілдерді; балалардың дамуын жеке түзету әдістемелерін қарастырады.	6	ОН2,ОН4,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика, Клиникалық психология	Интеллекті бұзылған балаларда ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы;Сөйлеу тілінің мүкісі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу; Логопсихология; Қабылдау органдары бұзылған балалардың эмоцияларын дамыту
а) Мүмкіндігі шектеулі балаларды еңбек қызметіне оқыту әдістемесі	Студенттерді түзету-педагогикалық жұмыс жағдайында еңбек қызметінің әр түріне ерекше мейірімді қажет ететін балаларды оқыту әдіснамасымен, әдістемесімен және практикасымен таныстыру; сондай-ақ балаларды сүйемелдеу және қолдаудың жеке бағдарламаларын жобалау және жүзеге асыру дағдыларымен таныстыру.	5	ОН2,ОН4,ОН5,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	а) Жалпы және арнайы психология, Арнайы педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Қабылдау органдары бұзылған балалардың эмоцияларын дамыту	Пән есту, көру қабілеті зақымдалған, интеллектуалды жетіспеушілігі бар балалардың эмоцияларын қалыптастыру және дамыту ерекшеліктерін; олардың типтерін, саралануын, эмоциялардың жағдайды бағалауға әсерін, жоғары үрей жағдайында эмоциялардың дамуының негізгі заңдылықтарын, түзету жұмыстарына арналған педагогикалық әдістерді меңгереді.		ОН2,ОН7,ОН8,ОН9	б) Түзете-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі ,	Дипломалды іс-тәжірибе
а) Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі	Пән мүмкіндігі шектеулі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың маманданған әдістерін, балалардың денсаулығының бұзылуының ерекшеліктерін ескере отырып, қоғам өмірі мен табиғи орта туралы білім мен түсініктерді қалыптастыру арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту; балалардың әлеуметтік бағдарын жақсарту арқылы бейімделу мүмкіндіктерін арттыру әдістемелерін оқытады.	6	ОН2,ОН4,ОН7,ОН8,ОН9	Педагогика; а) Арнайы педагогика;	Дипломалды іс-тәжірибе
б) Қол еңбегі мен бейнелеу өнерін оқытудың арнайы әдістемесі	Пән балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда рационалды технологияларды қолдану арқылы бейнелеу өнері және қол еңбегін пайдаланудың арнайы әдістерін оқытады; нақты сабақ үшін оқыту әдістерін, формаларын және құралдарын таңдау дағдыларын қалыптастырады.		ОН2,ОН4,ОН7,ОН8,ОН9	Педагогика; б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе

Профильді пәндер циклі					
ЖОО компоненті					
Мүмкіндігі шектеулі балаларды сенсорлық тәрбиелеу	Пән әр түрлі анализаторлардың (көру, есту, кинестетикалық қабылдау) мақсатты жүйелі сезім мүшелеріне әсер ету арқылы сезімдік тәжірибені байыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың сенсорлық дамыту әдістемесі арқылы білім алушыларды дайындауға бағытталған.	5	ОН4,ОН7,ОН8,ОН9,ОН10	Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы;	Дипломалды іс-тәжірибе
Олигофренопедагогика және олигофренопсихология	Пәннің мақсаты: арнайы білім беру жүйесінде зияты зақымдалған балаларды оқыту және тәрбиелеу саласында кәсіби құзыреттіліктерін, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогикалық қарым-қатынас барысында қолданылатын педагогикалық әдістерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.	5	ОН4,ОН5,ОН6,ОН8	Мүмкіндігі шектеулі балалар психологиясы; Арнайы педагогика; Жалпы және арнайы психология	Педагогикалық үдеріске қатысушылары мен олигофренопедагогтың өзара әрекеттесуі; Интеллект бұзылған балалармен түзетушілік жұмыс; Ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту ерекшеліктері, әлеуметтену мәселелері;Психикалық дамуы төжелген балаларды оқыту және тәрбиелеу
Педагогикалық үдеріс қатысушылары мен дефектолог-логопедтің өзара әрекеттесуі	Пән балаларды отбасылық және қоғамдық тәрбиелеу және дамытудың бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында, педагогтармен білім беру, түзету және тәрбие үдерістерін ұйымдастыруда білім беру үдерісіне қатысушылардың барлық әрекеттерін үйлестіру және біріктіру мақсатында ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың бағыттарын көрсетеді	6	ОН1,ОН2,ОН3,ОН4,ОН5,ОН8	Олигофренопедагогика және олигофренопсихология; Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі;	Дипломалды іс-тәжірибе
Сурдопедагогика	Пәннің мақсаты: есту қабілеті зақымдалған балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласында кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру, бұзылушылық құрылымын есепке ала отырып мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерді оқытудың педагогикалық технологияларын қалыптастыру, білім беру-түзету жұмыстарын жоспарлау.	5	ОН1,ОН2,ОН5,ОН7,ОН9	а) Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы, Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық диагностикалау б) Сөйлеу мүкісінің дамуын диагностикалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте түзетушілік көмек көрсету жүйесі	Пән ақыл-ой кемістігі қауіп бар балалармен жұмыс жасаудағы ерте көмек жүйесін, оларды анықтау және алдын алу үшін, өмірдің алғашқы айларынан бастап бала абилитациясының жеке бағдарламасын құрастыруға қатысу, баланың даму деңгейін пәнаралық бағалауды ұйымдастыру, дамудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру және басқа бағдарламаларға көшуге көмек көрсетуді зерттейді.	6	ОН4,ОН5,ОН7,ОН8	а) Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы, Арнайы педагогика б) Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерте дамуы	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Интеллекті бұзылған балаларда ауызша және жазбаша тілінің бұзылуы	Пәннің мақсаты: білім алушыларды тілдің толық фонетикалық жүйесін қалыптастыруға, фонематикалық қабылдауды және бастапқы дыбыстық талдау мен синтездеудің дағдыларын дамытуға, әр түрлі жағдайларда есту-айту біліктері мен дағдыларын автоматтандыруға үйрету, байланыстырып сөйлеуді дамыту, моторикамен жұмыс істеу, интеллекті бұзылған балаларда жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуды үйретеді	6	ОН5,ОН6,ОН8	а)Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы және патологиясы; Мүмкіндігі шектеулі балаларға тілді оқыту әдістемесі, б) Патофизиология; Түзете-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі	Дипломалды іс-тәжірибе
Интеллекті бұзылған балалармен түзетушілік жұмыс	Пән бейімделу қиындықтары бар оқушыларды анықтау әдістерін, зияткерлік бұзылыстары бар балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтауды, жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтауды, ата-аналарға кеңес берушілік және әдістемелік көмек көрсетуді үйренеді.	6	ОН1,ОН3,ОН4,ОН5,ОН7,ОН9	а) Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуының клиникалық ерекшеліктері б) Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерте дамуы; Олигофренопедагогика және олигофренопсихология;	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту ерекшеліктері, әлеуметтену мәселелері	Пән балалардағы күрделі кемшіліктерді, олардың комбинациясын зерттейді; түзету-дамыту педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру жағдайында балаларды жазуға, сөйлеуге, оқуға және шығармашылық дағдыларға тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін ашып көрсетеді	6	ОН4,ОН7,ОН8,ОН9	Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі; Арнайы педагогика; Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуының клиникалық ерекшеліктері.	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім берудегі АКТ	Пән әр түрлі кезеңдерде мүмкіндігі шектеулі балалармен білім беру процесін ұйымдастыру үшін жаңа материалды түсіндіру кезінде, білімді бақылау кезінде, материалды бекіту және жүйелеу кезінде АКТ-ны қолдану әдістерін оқытады	5	ОН7,ОН8,ОН9	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; Жалпы және арнайы психология	Дипломалды іс-тәжірибе
Білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер	Пән инклюзивті білім берудің жаңа педагогикалық тәсілдерін педагогпен және баланың ата-аналарымен тығыз байланыста, педагогтың жұмыс кеңістігін ұйымдастыруда, педагогтың сөйлеуіне қойылатын талаптарды сақтауға, ауызша түсінік кезінде көрнекі және дидактикалық материалдарды пайдалануға, тапсырмалар мен нұсқаулықтарды бақылауға үйретеді.	5	ОН2,ОН7,ОН8,ОН9	Инклюзивті білім беру; Бағалаудың өлшемдік технологиялары;	Дипломалды іс-тәжірибе
Сурдология	Пән саңыраулықтың пайда болуы мен есту мүкістігінің көрініс табуының өртүрлі формаларын, есту органдарын диагностикалау, емдеу және аурудың алдын алу әдістерін ашып көрсетеді; есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту мәселелерін; есту аппараттарының негіздерін оқытады	6	ОН2,ОН5	а) Арнайы педагогика, б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру

Сөйлеу тілінің мүкісі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу	Пән жұмыстың негізгі бағыттарын, дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыру шарттары мен құралдарын, әр түрлі жастағы балалардың фонетикалық-фонематикалық сөйлеу жақтарын, балалардың тілдік дамымауын компенсациялау механизмін қамтамасыз ететін тиімді жағдайларды ұйымдастыру тәсілдерін, олардың білім беру мазмұнын тиімді меңгеруін үйретеді	5	ОН2,ОН4,ОН7,ОН8	Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, а) Мүмкіндігі шектеулі балаларға тілді оқыту әдістемесі б) Түзете-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Ринолалия және дизартриядағы логопедиялық жұмыс	Пән операциядан кейінгі кезеңде ринолалиядан зардап шегетін балалармен түзету-педагогикалық жұмыстың негізгі кезеңдері туралы білімді қалыптастырады, ринолалиясы бар балаларда сөйлеудің ашық спецификалық ақауларын кезең-кезеңімен жою, алынған айтылу дағдыларын бекіту; сенсорлық және жоғары қабықтық функцияларды дамыту үшін дизартрияны кешенді жою әдістері, конструктивті практисті қалыптастыру, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру, қолдың жіңішке сараланған қозғалысын қалыптастыру.	6	ОН2,ОН3,ОН7	а) Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық педагогикалық диагностикалау б) Сөйлеу мүкісінің дамуын диагностикалау	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Логопсихология	Пәннің мақсаты: сөйлеу бұзылыстарын жіктеу, сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері, оларға жүргізілетін психокоррекциялық принциптері, әдістері мен тәсілдері туралы білімді қалыптастыру, сөйлеу бұзылыстары бар балалардың психикасын зерттеу әдістерімен таныстыру.	5	ОН5,ОН6	а) Мүмкіндігі шектеулі балаларға тілді оқыту әдістемесі б) Түзете-дамыта оқытудың арнайы әдістемесі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Логопедиялық технологиялар	Пәннің мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды логопедиялық тексеру және түзету технологияларын оқыту саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, логопедияның дидактикалық құралдарын іріктеу.	6	ОН1,ОН2,ОН4,ОН7,ОН8	а) Арнайы педагогика, б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Дефектолог-логопедтің педагогикалық қызметі	Пән дефектолог-логопед жұмысының негізгі бағыттарын: балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерін анықтау мақсатында оларды психологиялық-педагогикалық тексеру, балалардың даму динамикасының мониторингі, балалардың психикалық дамуындағы кемшіліктерді түзету мониторингі, олардың бағдарламаны меңгерудегі табыстылығы, мамандардың өзара іс-қимылы негізінде түзету-білім беру процесін жоспарлау.	6	ОН1,ОН2,ОН3,ОН7,ОН8 ОН10	Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, а) Арнайы педагогика, б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Дипломалды іс-тәжірибе
Педагогикалық үдеріс қатысушылары мен дефектолог-логопедтің өзара әрекеттесуі	Пән балаларды отбасылық және қоғамдық тәрбиелеу және дамытудың бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында, педагогтармен білім беру, түзету және тәрбие үдерістерін ұйымдастыруда білім беру үдерісіне қатысушылардың барлық әрекеттерін үйлестіру және біріктіру мақсатында ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың бағыттарын көрсетеді	6	ОН1,ОН2,ОН3,ОН7,ОН8	Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, а) Арнайы педагогика, б) Арнайы мектепке дейінгі педагогика	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
Таңдау компоненті					
а) Ақыл-ойы бұзылған балаларды оқыту ерекшеліктері, әлеуметтену мәселелері	Пән зияты бұзылған балаларды педагогикалық түзеу-дамыту іс-шараларын жүзеге асыру тұрғысында жазуға, сөйлеуге, оқуға және басқа дағдыларға үйрету әдістерін; білім беру ортасында балаларды әлеуметтендірудің заманауи үлгілерін, сондай-ақ кәсіби бағдар беруді зерттейді.	5	ОН2,ОН4,ОН7,ОН8,ОН9	Олигофренопедагогика және олигофренопсихология; Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру
б) Психикалық дамуы төжелген балаларды оқыту және тәрбиелеу	Пән психикалық дамуы артта қалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін қалыптастырады; балаларды арнайы (түзету) мектептерде және сыныптарда педагогикалық түзету-дамыту іс-әрекеттері жағдайында жазуға, сөйлеуге, оқуға үйретуге дағдыландырады.		ОН2,ОН4,ОН7,ОН8,ОН9	Олигофренопедагогика және олигофренопсихология; Арнайы мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан дайындау және тапсыру

3. Бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Бітіруші түлектің негізгі құзыреттіліктері жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттілікке, ұйымдастырушылық-басқарушылық және кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады.

6B01901-«Дефектология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры **жалпы құзыреттерді (ЖҚ)** игеруі тиіс:

ЖҚ -1 Тіл саласындағы құзыреті

- Ана тілін мінсіз меңгеру, өзінің ғылыми және кәсіби қызметі туралы сауатты түсіндіре алу, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынастың күрделі тақырыптарына конструктивті диалог құру дағдыларын игеру, ағымдағы құжаттаманы жасай алу, арнайы терминологияларды қолдана білу (C2 деңгейі).

- Сауатты түсіндіре алу үшін екінші тілді меңгеру, конструктивті диалог құру, түрлі тақырыптарға толық хабарлау, көпмәдениетті, полиэтикалық және көпконфессиялы қоғамда қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, негізгі мәселеге өз көзқарасын жеткізе білу, түрлі пікірлердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, ағымдағы құжаттаманы құру (B2 деңгейі).

ЖҚ-2 Компьютерлік құзыреттілік

- Қазіргі заманғы техникамен жұмыс жасау; компьютерді және қолданбалы бағдарламаларды іске қосу; құжаттарды сканерлеу және басып шығару; бағдарламалық қамтамасыз етудің жаңартуларын орнату; вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу; ақпараттық тасымалдағыштарға жазба жазу дағдыларын меңгеру.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана білу: қажетті ақпаратты іздеу, талдау және іріктеуді ұйымдастыру, оны қайта құру, сақтау және беру; пошта қызметтерімен, іздеу жүйелерімен, порталдармен, веб-сайттармен, мессенджерлермен, бұлтты және мобильді сервистермен жұмыс жасау; электрондық каталогтармен, анықтамалармен, сөздіктермен жұмыс істеу ептілігінің болуы.

- Сенімді пайдаланушы деңгейінде қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру: MS World (мәтіндік құжаттармен жұмыс), MS Excel (кестелермен жұмыс), MS PowerPoint (презентациялар жасау), Paint (графикалық бейнелермен жұмыс).

ЖҚ-3 Оқу-танымдық құзыреттілік

- Оқу-танымдық іс-әрекетте мақсат қоя білу, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау қабілеті.

- Күнделікті кәсіби қызметке қажетті жаңа білім алу және шынайы білім алуды жалғастыру дағдыларын меңгеру.

- Ақпаратты іздеу және оның шынайылығын тексеру, фактілерді анықтай білу.

ЖҚ-4 Әлеуметтік құзыреттілік

- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу, өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды пайдалану.

- Патриотизм, құрмет көрсету, ашық болу қабілеті.

- Қоғамның әлеуметтік дамуының үрдістерін білу.

- Мәселелерді анықтау, тұжырымдау және шешу қабілеті.

- Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынас орната білу, жанжалдарды реттей білу, шешім қабылдау және олар үшін жауапкершілік алу қабілеті.

ЖҚ-5 Адамгершілік-этикалық құзыреттілік

- Мәдениеттің базалық құндылықтарын сақтау, азаматтық пен гуманизмге ие болу.

- Моральдық нормалар мен этикалық ұғымдар негізінде өзінің мінез-құлқын анықтау және бағалай білу
- Іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгеру, адамгершілік таңдау жасау қабілеті.
- Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениетіне және дініне төзімділік; басқа мәдениеттер мен діндер өкілдерімен нәтижелі өзара байланыс жасау
- Ұлттық мәдениеттің құндылығын ұғыну, тарихи мұра мен мәдени дәстүрлерге құрметпен қарау.

ЖҚ-6 Кәсіпкерлік және экономикалық құзыреттіліктер

- Экономика негіздерін білу, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы түсініктерді меңгеру.
- Инновациялық қызметке, бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.
- Ресурстарға қажеттілікті бағалау және кәсіби қызметте міндеттерді шешу кезінде оларды пайдалануды жоспарлау, қарапайым экономикалық талдау жүргізе білу және экономикалық қызметтің нәтижелерін бағалау қабілеті.

ЖҚ-7 Ұйымдастыру-атқару құзыреттіліктері

- Ұжымның өзіндік қызметі мен қызметін ұйымдастыру және жоспарлау және бақылау дағдыларын, Time Management дағдыларын меңгеру; мақсат қою және оларға қол жеткізу қабілеті; нәтижеге жауапты болу.
- Ұжыммен жұмыс істеу кезінде кәсіби міндеттерді шешудің әр түрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну қабілеті.
- Бастамашылық көрсету және мәселелерді шешу қабілеті; қатысушылардың қызметін көтермелеу және ынталандыру, сондай-ақ басшылықтың тапсырмаларын сапалы және жауапты орындау қабілеті.
- Ұжым қызметінің өзгермелі жағдайларына әрекет ете білу және оларды түзету немесе жою бойынша дұрыс шешім қабылдай білу.
- Қауіпсіздікке және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау.

ЖҚ-8 Коммуникативті құзыреттілік

- Сауатты сөйлеуді, шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын (PublicSpeaking) білу, өз көзқарасын қорғай білу, әртүрлі типтегі адамдармен қарым-қатынас орнату қабілеті.
- Командада жұмыс істей білу, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру, ұжым қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін тиімді қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру.
- Қақтығыстарды шешу, келіссөздер жүргізу, ымыраға келу қабілеті.
- Өзіне жауапкершілік алу және шешім қабылдау, бірлескен шешім қабылдауға қатысу қабілеті.

ЖҚ -9 Өзін-өзі дамытуға және мансаптық өсуге дайындық

- Жаңа жағдайларға бейімделу, өзгерістерге жауап беру қабілеті.
- Өмір бойы жеке білім траекториясын құру қабілеті.
- Толыққанды қызметтің негізі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- Кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі жағдайлар мен мәселелерге икемділік пен ұтқырлық.

6B01901- «Дефектология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры келесі **кәсіби құзыреттіліктерді игеруі тиіс (КҚ):**

КҚ -1 Дидактикалық құзыреттілік

- Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін білу;
- Ойлау қабілетін дамытуға бағытталған кәсіби қызметті психологиялық және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүзеге асыру;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларға әртүрлі санаттағы пәндерді оқытудың әдістемелік моделін жобалау.
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқуға қызығушылығын қалыптастыру және ынталандыру.
- Педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану.

КҚ -2 Оқу-тәрбиелік құзіреттілік

- Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету), сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыру қабілеті.
- Сөйлеу тілі бұзылған балалардың түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеру процесінде олардың жас ерекшеліктерін, жалпы дамуы мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып іс-әрекетін ұйымдастыру қабілеті.
- МШ балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық белсенділікті дамыту, сөйлеу немесе зияткерлік бұзылыстарды жеңу бойынша арнайы (түзету) жұмыстарды жүргізе білу.

КҚ -3 Академиялық құзыреттілік

- Шешілетін мәселелерде жағдайлар мен факторларды талдай білу, тиісті қорытынды жасау, іс-әрекет жоспарын анықтау, басты және екіншіні бөле отырып өз қызметін оңтайландыру.
- Білімді құрылымдау, жүйелеу және оларды әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.
- Ақпаратты талдау және жалпылау, тиісті қорытынды жасау, арнайы терминологияны адекватты пайдалану, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, қолжетімді және түсінікті тілмен ұсыныстар жасау қабілеті.
- Нәтижелілік көрсеткіштерін анықтай білу, аналитикалық-болжамдық қызметті жүзеге асыруда өзіндік талдау және өзіндік түзету, алынған мәліметтерді интерпретациялау, өз іс-әрекетіне рефлексия жасау.
- Өмір бойы оқып, біліктілігін арттыра білу.
- Білімді құрылымдау, жүйелеу және оларды әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.
- Кәсіби қызметін жүзеге асыру және магистратурада білім алуды жалғастыру үшін, сондай-ақ көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін қажетті жаңа білім мен іскерлікті меңгеру.

КҚ -4 Қалыптастырушы (кәсіби) құзіреттілік

- Жүйелік және салыстырмалы талдау әдістерін меңгеру.
- Сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру.
- Жобалау және болжау іскерліктерін меңгеру.
- Өмір бойы оқып, біліктілігін арттыра білу.
- Командада жұмыс істей білу.
- Дербестік, жауапкершілік, ұйымшылдық, мақсаттылық және т. б. жеке қасиеттерді қалыптастыру:
- Оқу-тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу кезінде Time management тәсілдерін меңгеру.
- Оқу-тәрбие және оқудан тыс іс-шараларды өткізу кезінде Public Speaking дағдыларын меңгеру.

КҚ -5 Зерттеушілік құзыреттілігі

- Базалық психологиялық-педагогикалық ақпаратты түсіну, сыни талдау және пайдалану қабілетін меңгеру.
- Психологиялық-педагогикалық зерттеудің әдістемесі мен әдістерін меңгеру.
- Танымның әмбебап жалпы ғылыми әдістерін меңгеру (талдау, синтез, индукция, дедукция, аналогия, гипотеза, модельдеу және т.б.).
- Өзінің кәсіби қызметінде күрделі емес әдістемелік эксперименттерді жоспарлау және жүргізу.
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен педагогикалық жұмыс саласында Эксперименталды-зерттеу жұмысының оң нәтижелерін енгізуді білу.

КҚ -6 Бақылаушылық құзыреттілігі

- Педагогикалық менеджмент саласындағы білімді, мүмкіндігі шектелген балалардың білім беру үрдісінің педагогикалық мониторингісін жүзеге асыру, педагогикалық өлшеуіш индикаторлар жүйесін әзірлеу дағдысы мен іскерлігін меңгеру.
- Бақылау-бағалау материалын әзірлеу, алынған нәтижелерді өңдеу, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі бақылауға, әділдік пен объективтілікке ұмтылу қабілеті
- Әр түрлі түзету әдістерін талдау және дұрыс қолдану қабілеті;
- Білім беру ұйымы ұсынған мақсаттар мен міндеттер шеңберінде сеніп тапсырылған ұжымның еңбек және оқу іс-әрекетінің процестерін өз бетінше басқару және бақылау қабілеті.
- ДМШ бар балалармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдермен) өзара әрекеттестікте өзінің эмоционалдық жағдайының тұрақтылығын бақылай алу қабілеті

КҚ -7 Қолданбалы (кәсіби) құзіреттілік

- Түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін базалық негіз ретінде зерттеу әдістері туралы тұтас түсінікке ие болу
- Дамуында кемістігі бар балалармен барлық психологиялық-педагогикалық қызмет жүйесінде маңызды буын ретінде зерттеудің мәні мен қажеттілігін ашу
- Баланың дамуындағы мәселелерді оның жеке субмәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері және түзету ықпал ету мүмкіндіктері туралы түсініктерді негіздеу.
- ДМШ бар тұлғаларға жеке-бағдарлы және жеке-сараланған көзқарас негізінде түзету-білім беру бағдарламаларын тиімді таңдау және іске асыру қабілеті.
- Өз мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, кәсіби қызметті орындауға мотивациясының болуы, эмпатияға қабілеттілігі, ДМШ бар тұлғаларды дұрыс және адекватты қабылдау қабілеті

Білім берудің интегративті модельдерін жүзеге асыру мақсатында арнайы (түзету), сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелер жағдайында түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыру.

КҚ -8 Креативті құзіреттіліктер

- Шығармашылық психологиясы саласындағы білімді, шығармашылық қызметтің теориялық негіздерін, кәсіби қызметті қайта құру, білім беруде авторлық жаңашыл идеяларды іске асыру, стандартты емес және баламалы шешімдерді табу, жаңа педагогикалық идеяларды генерациялауға, сын тұрғысынан ойлауға қабілетті болу.
- Абстрақтылы ойлауға, талдау және синтездеуге қабілетінің болуы.
- Икемділік – әртүрлі идеяларды бейнелеу қабілеті, білім беру саласындағы әртүрлі мәселелерге стаеартты емес және ерекше жауап бере білу.
- Қажетті нысанға жетілдіре отырып детальдар қосу білігі, белсенді өмірлік позиция

КҚ -9 Ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттіліктер

- Білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық құжаттарды, оқу-нұсқаулық құжаттарды, ағымдағы оқу-ұйымдастыру құжаттарын (дидактикалық, бақылау-өлшеу

материалдары және т.б.) әзірлеу, ұйымдастырушылық қабілеттерді меңгеру, жоғары орындаушылық тәртіпті көрсету.

- Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін білу.
- Нақты сабақтың немесе іс-шараның мақсаты мен типіне сәйкес оқу материалын жоспарлау.
- Сабақтың немесе іс-шараның белгіленген жоспарын (сабақтар сериясы немесе іс-шаралар кешені) іске асыру мақсатында тәрбиеленушілердің немесе оқушылардың қызметін және өз қызметін ұйымдастыру.
- Бақылаудың әдістемелік мақсаттарын анықтау (диагностикалық, түзету, оқыту, бақылау).
- Өткізілген және қатысқан сабақтардың нәтижелерін талдау.
- Жүргізілген талдау негізінде оқу процесіне тиісті түзетулер енгізу.

КҚ -10 Сараптамалық-талдау құзыреттілігі

- Талдау орталықтарының, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін қамтамасыз ету үшін ақпаратпен жұмыс істеуге қабілетті болу.
- Оқу-тәрбие процесін бақылау, байқалған фактілер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын талдау және белгілеу, олардың дамуын болжау.
- Сенімді ұжымның ерекшеліктерін, тәрбиеленушілердің немесе оқушылардың мүдделерін, олардың оқытылатын пәнге немесе объектіге көзқарасын талдау.
- Оқу материалдары мен оқу құралдарын талдау, күтілетін нәтижелерді болжау.
- Өзінің кәсіби қызметін және тәрбиеленушілердің немесе оқушылардың оқу қызметін талдау.
- Белгілі бір теориялық-әдіснамалық платформаның бірыңғай ұстанымдарына сүйене отырып, барлық байқалатын және талданатын құбылыстарды түсіндіру.
- Мәселені анықтау және талдау қабілеті, қорытындыларды дәлелдей білу және ақпаратты сауатты қолдана білу.

4. Кәсіби қызметінің мазмұны

6B01901 – «Дефектология» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврлары еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- диагностикалық және профилактикалық жұмыс;
- түзету оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру;
- ғылым мен тәжірибенің талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарындағы консультативтік-әдістемелік жұмыс;
- мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өмір сүруінің әлеуметтік-орта жағдайларын оңтайландыру;
- дамуында бұзылысы бар балалары бар ата-аналармен жұмыс;
- отандық және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу бойынша жұмыс;
- ҚР «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы және білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру

5. Мамандарды жұмыспен қамту перспективалары

6B01901 – «Дефектология» білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлек төмендегідей ұйымдар мен мекемелерде жұмысқа орналасу үшін жақсы мүмкіндіктерге ие:

- жалпы білім беретін, жеке, арнайы, мектепке дейінгі және мектептік білім беру ұйымдары;

- оңалту орталықтары;
- түзету кабинеттері;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия (ПМПК), ерте араласу кабинеттері;
- учреждения социальной направленности (органы социального обеспечения, поддержки и помощи безработных, малообеспеченных, нетрудоспособных, трудоспособных с ограничением);
- әлеуметтік бағыттағы мекемелер (еңбекке жарамды бірақ мүмкіндігі шектеулі, еңбекке жарамсыз, аз қамтылған, жұмыссыздарды әлеуметтік қамсыздандыру, қолдау және көмек көрсету органдары,);
- қоғамдық ортада өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен дамыту проблемаларымен байланысты мекемелер; денсаулық сақтау мекемелері;
- ғылыми-зерттеу ұйымдары.

6B01901 – "Дефектология" білім беру бағдарламасы бойынша түлектері өз ісін ұйымдастыра алады: тренингтерді ұйымдастыру, репетиторлық қызмет, түзету курстары және т. б.

6.1 Білім беру бағдарламасының модульдерінің оқыту нәтижесімен құзіреттіліктер дескрипторларын сәйкестендіру матрицасы			
Модуль атауы	Құзіреттіліктер	Пән аттары	Оқыту нәтижелері
I. Жалпы модулдер			
